

Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы N 17-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 6 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2154. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10561 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 177 бұйрығымен бекітілген Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастыру ережесінің 10-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 120) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін

табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтерді реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Энергетика секторын реттеу жөніндегі департаменті (С.П.Григорьева) осы бұйрықты заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Б.Ә.Сағынтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігінің
2003 жылғы 27 қаңтардағы
N 17 бұйрығымен
бекітілген

Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "іске қосылған активтердің коэффициенті" деген сөздер "активтердің іске қосылғандық коэффициенті" деген сөздермен ауыстырылды ;

барлық мәтін бойынша "акционерлік (меншік)" деген сөздер "меншік" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 70-НҚ бұйрығымен.

Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда ставкаларын (таза табысты) есептеу бойынша осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында әзірленді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Нұсқаулық "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы", "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010.12.24 347-НҚ (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Нұсқаулық сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің, оның ішінде өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратындар құрамына кіретін және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілерінің және тарифтерді (бағаларды, ағымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу және бекіту кезінде ескерілетін пайданың (таза табыстың) қол жетімді деңгейін есептеуді нақтылайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Нұсқаулық сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне (бұдан әрі - Субъект) қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы (таза табысты) негізді есептеу және алу мүмкіндігі мақсатында енгізіледі.

Бұл ретте инвестицияларды қаржыландыру көздері өзіндік және (немесе) заемдық қаражаттар - пайда (таза табыс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы Нұсқаулық табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілген Субъектілердің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастыру кезінде қолданылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004.02.13 N 70-НҚ, 2010.12.24 347-НҚ (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) активтердің іске қосылғандық коэффициенті табиғи монополия саласына жататын қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру және ұсыну кезінде Субъектінің негізгі құралдарының іс жүзінде пайдаланылуын (іске қосылуын) сипаттайтын, олардың технологиялық қуатынан пайыздық түрдегі көрсеткіш;

2) капиталдың құны - табиғи монополия саласына қатысты қызметті жүзеге асыруға байланысты инвестициялық тәуекелді көрсететін заемдық және өз қаражаттарына сыйақы ставкасын сипаттайтын шама;

3) меншік капиталы - Субъектінің қатысушылары немесе акционерлеріне тиесілі, Субъектінің қатысушылары мен акционерлеріне белгілі бір табыс алуға құқық беретін үлестердің немесе акцияларды белгілі бір санынан тұратын, сондай-ақ жинақталған бөлінбейтін пайда мен резерв капиталын, қосымша төленген және қосымша төленбеген капиталды қамтитын капитал;

4) пайданың (таза кірістің) жол берілетін деңгейі - Субъектінің тиімді жұмыс істеуі және тұтынушыларға өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасын жақсарту үшін алуға құқығы бар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) құрамына кіретін және уәкілетті органның ведомствосы бекітуі (келісуі) тиіс пайда (салық салынғаннан кейінгі таза кіріс);

5) "тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі – қажеттілігіне қарай жылдарға бөліп ұзақ мерзімді кезеңге бекітілетін табиғи монополия

субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне (тауарына, жұмысына) арналған тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең жоғары шамасы;

6) іске қосылған активтердің реттелетін базасы - Субъектінің меншігінде орналасқан және Субъектінің немесе пайда алуға құқығы бар қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру және ұсыну кезінде пайдаланылатын активтердің реттелетін құны;

7) энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілері - табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтің мынадай түрлерін:

тауарлық газды сақтауды, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалануды, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдауды;

электр энергиясын беруді және (немесе) таратуды;

топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау;

электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіруді және тұтынуды;

электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімдеуді ұйымдастыруды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілері;

8) уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 27.02.2013 № 69-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Пайданың (таза табыстың) ұйғарынды деңгейін айқындау тәртібі

6. Пайданың (таза табыстың) ұйғарынды деңгейі іске қосылған активтердің реттелетін базасының шамасына пайда ставкасының туындысы ретінде, мынадай формула бойынша айқындалады:

$ПҰД = АРБ \times ПС$, мұндағы,

ПҰД - пайданың ұйғарынды деңгейі (теңге),
АРБ - іске қосылған активтердің реттелетін базасы (теңге),
ПС - пайда ставкасы (%).

3. Табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған реттелетін базаны айқындау тәртібі

7. "Халықтық IPO" бағдарламасының шеңберінде акцияларын құнды қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асыратын субъектілерді қоспағанда, бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі Кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олар мен аффилиирленген заңды тұлғалардың іске қосылған активтерінің реттелетін базасы активтердің іске қосылған коэффициентіне активтердің нақты құнының туындысы ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$АРБ = АҚ \times K_{ia}$, мұндағы,

АҚ - активтердің нақты құны (теңге),

K_{ia} - активтердің іске қосылғандық коэффициенті.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.07.23 № 170-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Активтердің іске қосылғандық коэффициенті Субъектінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) негізгі құралдарымен өндіретін және (немесе) көрсететін нақты көлемінің (алдындағы төрт тоқсан үшін немесе алдыңғы күнтізбелік жыл үшін) олардың технологиялық қуатына арасалмағы ретінде айқындалады.

9. Қолданысқа енгізілген активтердің коэффициентін Субъекті уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша айқындайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Активтердің нақты құны конкурстық негізде таңдап алынған тәуелсіз бағалау ұйымдарының негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде алынған Субъектілердің негізгі құралдарының қалдық құнының негізінде айқындалады. Субъектінің негізгі құралдарына қайта бағалау уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілмеген Субъектілер негізгі құралдары сенімді басқаруға, мүлктік жалға, лизингі бойынша немесе өзге мәмілелер нәтижесінде алынған Субъектілер, сондай-ақ "Халықтық IPO" бағдарламасының шеңберінде құнды қағаздар нарығына акцияларды шығаруды жүзеге асыратын Субъектілер үшін:

1) іске қосылған активтердің реттелетін базасы Субъектілердің негізгі құралдарын сатып алудың (сатып алу және сатып алудың басқа тәсілдері) құнының негізінде иелену және (немесе) пайдалану кезеңі үшін, негізгі құралдардың бастапқы құнының өсуіне әкеп соқтыратын іс жүзінде өндірілетін (жыл сайынғы) инвестицияларды, жұмыстың жөндеу және басқа да түрлерін иелену және (немесе) пайдалану кезеңі үшін (жыл сайынғы) іс жүзінде есептелетін амортизациялық аударымдарды шегеруді ескере отырып айқындалады;

2) акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік мекемелердің, акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен үлестес заңды тұлғалардың іске қосылған активтерінің реттелетін базасы осы Нұсқаулықтың 7, 8, 9, 10-тармақтарымен анықталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 23 мамырдағы N 138-НҚ, 2004 жылғы 13 ақпандағы N 70-НҚ, 2012.07.23 № 170-НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

4. Іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкаларын есептеу тәртібі

12. Іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасы пайданың (салық салынғаннан кейінгі таза табыс) ұйғарынды деңгейін есептеу үшін пайдаланылады.

13. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі 30%-ға дейінгі мөлшерде қабылданады.

Қаржыландыру көздерін инвестициялар көлемдерінен асырған кезде, пайда инвестицияларды қаржыландыру көздері ретінде амортизациялық аударымдар мен қарыз қаражаттарды ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға қажет деңгейге дейін төмендету жағына түзетіледі.

Егер сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөнінде көрсетілетін қызметтерге тарифтердің жоспарлы деңгейі 1 м^3 үшін қосымша құн салығынсыз 200 теңгеден асатын болса, пайда мөлшерлемесі тарифті немесе оның шекті

деңгейін бекітуге өтінімді беру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің деңгейінде қабылданады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құнының (бұдан әрі - КОӨҚ) әдісі арқылы есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$ПМ (КОӨҚ) = ((1 - g) \times re) + (g \times rd)$, мұндағы:

g - қаржыландырудың жалпы құрылымындағы Субъектінің қарыз және меншік капиталының арасалмағын сипаттайтын шама болып табылатын леверидж, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалау ескеріліп, барлық капитал құрылымындағы (меншікті және қарыз капиталының сомасы) нақты қарызға алынған қаражаттардың үлесі. Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің меншікті капиталының теріс мәні жағдайында леверидж деңгейі 1-ге тең шамада қабылданады;

re - меншікті капиталға сыйақының мөлшерлемесі (%);

rd - қарыз қаражатына сыйақының мөлшерлемесі (%).

Қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$rd = rf + БС$, мұндағы:

rf – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып айқындалатын тәуекелсіз мөлшерleme;

$БС$ – Субъекті шығаратын және сол мерзімде айналымдағы мемлекеттік құнды қағаздарға қатысты айналымда болған борыштық міндеттемелерге, егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алған жағдайда, сыйлықақы негізінде айқындалатын Субъекті бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Басқа жағдайда ол осыған ұқсас қызмет түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында осындай кредиттік рейтингі бар басқа Субъектілердің борыштық сыйақыларын ескере отырып айқындалады.

Меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$re = rf + ra$, мұндағы:

ra - меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы. Меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы Қазақстан Республикасының қор нарығы бойынша тәуекел үшін сыйлықақының негізінде тұтастай айқындалады және салалық бета-коэффициентке мынадай формула бойынша түзетіледі:

$ra = b \times (15,7\% - rf)$, мұндағы:

b - энергетикалық сектордың салалық бета-коэффициенті.

Салалық бета-коэффициенті 1,3 деңгейінде қабылданған "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде бағалы қағаздар нарығында акциялар шығаруды жүзеге асыратын Субъектілерді қоспағанда, энергетикалық сектор ұйымының қолданысқа енгізілген активтеріне пайда мөлшерлемесін есептеу үшін салалық бета-коэффициент 0,89 деңгейінде қабылданған.

Акционерлік капиталға арналған сыйақы құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем болмайтын шама болып табылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 24.07.2015 № 566 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.